

Өтілген күні: 18.02.2022 жыл

Қатысқандар: Мектеп әкімшілігі, ата-аналар

Күн тәртібінде:

1. Мектепшілік шараларға қатысу
2. Бракераждық комиссиямен бірлескен түрде мектеп асханасының тағамдарының сапасын тексеруге қатысу.

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша Қамқоршылық кеңес төрағасы сөз алып, Қамқоршылық кеңес мүшелері мектептегі өткізілетін мектепшілік шараларға белсенді қатысу қажет екенін айтып өтті. Соған қоса алдағы наурыз айында мектепте өткізілетін шараларға белсенді қатысуға ат салысып, қолдау көрсету керекпіз деген ұсыныс айтты. Наурыз мейрамының ұйымдастырылуы және өткізілуі туралы сөз кезегі тәрбие ісінің меңгерушісі Г.Ташимоваға және қамқоршылық кеңесінің мүшелеріне берілді. Тәрбие ісінің меңгерушісі мектептегі оқушылардың көптігіне байланысты 14-18 наурыз күні мектептің 1-11 сынып оқушыларына наурыз мейрамы бөлініп ұйымдастырылатынын, мейрамды өткізу туралы бұйрық шығарылып, мейрамды өткізудің ұйымдастырудың кестесі жасалғанын айтып өтті. Қамқоршылық кеңесінің төрағасы кеңес мүшелеріне және мектеп директорына ынтымақтастыққа жұмыс жасап жатқандықтарына, балаларға көрсетіліп жатқан қамқорлықтары үшін ризашылығын білдіріп, рахметін айтты.

Тыңдалды:

2-мәселе бойынша Мағзимова Ф – ҚК мүшесі сөз алды. «Қамқоршылық кеңес» жұмыс жоспарына сәйкес ақпан айында бракераждық комиссиямен бірлескен түрде мектеп асханасының тағамдарының сапасын тексеру жұмысы жүргізілді. Тексеру қорытындысымен таныстырды.

Тексерудегі мақсат – тамақтандырудың сапасына мониторинг жүргізуін, мектеп асханасының талапқа сай жұмыс істеуін бақылау.

Тексеру жүргізгендер қамқоршылық кеңес мүшелері мен әлеуметтік педагог пен мектеп медбикесі.

Тексеру барысында басшылыққа алынған критерийлер:

1. Мектептегі аз қамтылған және көп балалы отбасы балаларының бекітілген кестеге сәйкес тамақтануы.

2. Мектеп асханасының талапқа сай жұмыс жүргізуі, тамақтың бекітілген ас мәзірі бойынша әзірленуі, балалардың бекітілген тамақтану кестесі бойынша асханада тамақтануы.

Мектептегі ыстық тамақты ұйымдастыруы және тексеру қорытындысы бойынша:

Жалпы мектеп асханасынан ыстық тамақпен оқушылар қамтылған. Әлеуметтік жағдайларына байланысты оқушылар тегін тамақтанады. Жалпы асхананың санитарлық жағдайы, аспаздардың сыртқы киім үлгісі, санитарлық талапқа сай. Ыдыстармен қамтылуы және ыдыс жуатын бөлменің жай-күйі: ыдыстар жеткілікті, ыдыс жуатын бөлме таза, әр ыдыс орынды қойылған, ыдыстардың беті жабық тұрады. Тамақтың сапасы, тамақтың дайындалуы өз деңгейінде.

Ас мәзірі, сыныптардың тамақтану кестесі бар. Тексеру кезіндегі ас мәзірі оқушыларға берілетін ас мәзіріне сәйкес әзірленген. Бракераж журналына жазу арқылы дайын тағамның сапасына бақылау жүргізілген. Қол жуатын, кептіретін арнайы орынның жабдықталуы бар.